

KASE АПТАЛЫҒЫ

22 – 26 қаңтар,
2024

KASE ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

- KASE және KASE клиринг орталығы жүйелік маңызы бар инфрақұрылымдық қаржы ұйымы мәртебесіне [ие болды](#).
- KASE Басқармасының құрамы өзгерді.
- "Standard инвестициялық компаниясы" АҚ "деривативтер" санаты бойынша KASE мүшелігіне [қабылданды](#).
- KASE ресми тізіміне "ҚазАгроҚаржы" АҚ-ның [KZ2C00010841](#) (KAFIpp4) және [KZ2C00010908](#) (KAFIpp5) облигациялары енгізілді.
- Айналым мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен АҚШ Қаржы министрлігінің [US912796ZY88](#) (US_32_2401) халықаралық облигациялары шығарылды.
- "abyROI" ИИПҚ [KZPF00000157](#) (FHJllq) пайлары рұқсат беру бастамашысының бастамасы бойынша KASE ресми тізімінен шығарылды.
- KASE-де "ФинТехЛаб" микроқаржы ұйымы" ЖШС-нің [KZ2P00010457](#) (MFDFb1) және [KZ2P00010465](#) (MFDFb2) облигацияларымен, "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00010502](#) (KFUSb61) облигацияларымен, "Банк ЦентрКредит" [KZ2C00010627](#) (CCBNb35) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- KASE сауда жүйесі мен деректер базасында "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ [KZ2C00010304](#) (BTRKb9) облигациялары және "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ [KZ2C00010338](#) (IDFRb5) облигацияларының саны, шығарылымы көлемі және сыйақы мөлшерлемесі туралы ақпарат өзгертілді.

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 82,0 млн МЕОКАМ-48 52-шығарылымын ([KZK200000687](#), MOM048_0052), 43,3 млн МЕУКАМ-180 15-шығарылымын ([KZKD00001186](#), MUM180_0015) және 65,0 млн МЕУКАМ-192 үшінші шығарылымын ([KZKD00000626](#), MUM192_0003) орналастырды.
- "Банк ЦентрКредит" АҚ KZ2C00010627 (CCBNb35) облигацияларын орналастырып, KASE-де жазылу арқылы \$7,3 млн [тартты](#).
- Еуразиялық даму банкі KZ2D00010857 (EABRb44) облигацияларын орналастырып, KASE-де жазылу арқылы 4,7 млрд теңге [тартты](#).
- "ФинТехЛаб" микроқаржы ұйымы" ЖШС KZ2P00010457 (MFDFb1) облигацияларын орналастырып, KASE-де 200,0 млн теңге [тартты](#).
- "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ KZ2C00010304 (BTRKb9) облигацияларын орналастырып, KASE-де 190,0 млн теңге [тартты](#).
- "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00010528 (KFUSb63) облигацияларын орналастырып, KASE-де 11,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ KZ2C00010338 (IDFRb5) облигацияларын орналастырып, KASE-де жазылу арқылы 190,0 млрд теңге [тартты](#).
- "Orbis Leasing" ЖШС KZ2P00010184 (ORBSb1) облигацияларын орналастырып, KASE-де жазылу арқылы 405,2 млн теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- "Қазақстан темір жолы" ҰҚ" АҚ Moody's агенттігі компанияның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін көтергені жайында [хабарлады](#), болжамы "Тұрақты".
- "Қазатөменеркәсіп" ҰАК" АҚ Fitch Ratings агенттігі компанияның рейтингтерін көтергені жайында [хабарлады](#), болжамы "Тұрақты".
- Kaspi.kz АҚ АҚШ-та бастапқы жария орналастыруды жабу туралы ағылшын тіліндегі ақпаратты [ұсынды](#).
- "Қазақтелеком" АҚ 2023 жылдың 13-14 қарашасындағы төлем кезінде ұсталған салық сомасына дивидендтерді қосымша төлейтіні жөнінде [хабарлады](#).
- "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ экспорт және инвестиция саласында Италиямен ынтымақтастықты нығайту жөнінде [хабарлады](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ 2024 жылы 550 мың тонна ресейлік мұнайдың Өзбекстанға транзитін жүзеге асыруды [жоспарлап отыр](#).
- "ҚазТрансОйл" АҚ ресейлік мұнайдың Қытайға транзитін жүргізу құнын 2034 жылға дейін [сақтайды](#).
- Freedom Holding Corp. Hinderburg Research есебінде көрсетілген айыптауларға қатысты сыртқы тексерудің аяқталғаны жөнінде [хабарлады](#).



26.01.2024 Трендтер (%)

KASE Индексі	4 290,63	-1,5	3,2
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Бағасы	Δ 7к	Δ 1а
Advanced Micro Devices, Inc.	178,19	8,1	28,0
Bank of America Corporation	33,39	5,3	0,3
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	12 200,00	5,2	6,5
АО "Банк ЦентрКредит"	1 060,01	1,9	2,4
АО "Кселл"	2 240,00	1,4	14,9
The Coca-Cola Company	61,96	0,7	0,6
АО "Банк ЦентрКредит"	1 062,00	0,3	8,4
АО "Казхат телеком"	26 100,00	0,0	5,7
АО "Фридом Финанс"	5 900,00	-	-
АО "КазТрансОйл"	853,79	- 0,0	- 0,0
АО "БАСТ"	6 640,00	- 0,2	- 1,7
АО "Народный Банк Казахстана"	163,60	- 0,2	0,8
Ford Motor Company	11,79	- 0,3	- 2,8
АО "ForteBank"	3,71	- 0,8	- 1,6
Pfizer Inc.	27,87	- 1,1	- 2,7
АО "Казхат телеком"	34 250,00	- 1,3	5,0
AltyinGold plc	746,66	- 1,5	4,4
АО "KM GOLD"	116,00	- 1,7	- 0,9
АО Kaspi.kz	44 035,00	- 4,3	- 2,9
АО "KEGOC"	1 375,50	- 6,2	- 7,2
PayPal Holdings Inc.	60,38	- 6,8	0,6
АО "НАК "Казатомпром"	18 283,00	- 9,0	- 1,0
Tesla, Inc.	205,00	- 9,7	- 19,4

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Ұзақ уақыт бойы өсуден кейін KASE индексі өткен аптада теріс динамиканы көрсетіп 1,5% - ға төмендеп, 4 290,63 белгісіне дейін жетті. Өкілдік тізімдегі акциялардың едәуір бөлігі төмендеу үрдісінде болды. Ең ауқымды құлдырау 9% жоғалтқан "Қазатомөнеркәсіп" акцияларына қатысты байқалды. Компанияның несиелік рейтингін қайта қарау туралы жаңалықтарға қарамастан, акциялар уран бағасына байланысты төмендеді. Осылайша, Fitch Ratings рейтинг агенттігі "Қазатомөнеркәсіптің" рейтингін "BBB -"-тен BBB дейін көтерді, болжам "тұрақты". Fitch агенттігінің пікірінше, компания жақсы кредиттік қабілеттілікке, төмен кредиттік тәуекелдерге, қаржылық міндеттемелерді уақтылы өтеу қабілетіне ие. Лeverедждің төмен деңгейі, өндіріс көлемінің өсуі, уранның жоғары бағасы, нарықтағы мықты позициялар, экспорттың баламалы бағыттарының болуы, сондай-ақ күтілетін жоғары дивидендтер "Қазатомөнеркәсіптің" рейтингін арттырудың негізгі факторлары болып табылады. KASE Global секторында уран The Global Uranium ETF уран мен уран саласындағы компаниялары бағасының өзгеруін қайталай отырып, 3% -ға төмендеді.

Сонымен қатар, Moody ' s Investors Service рейтинг агенттігі "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясының ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін "Baa3" деңгейінен "Baa2" деңгейіне көтерді, болжам "тұрақты".

Қызыл аймақта энергетика секторының тағы бір өкілі - KEGOC акциясы болды, ол 6,2%-ға төмендеді. Акциялар Kaspi.kz АҚШ-тағы американдық депозитарлық қолхаттарды алғашқы орналастырудың сәтті жабылғаны туралы жағымды жаңалықтарға қарамастан, 4,3% -ға төмендеді.


Мұнай ұңғымалары жұмысындағы ақауларға байланысты АҚШ-тағы мұнай қорының 9,2 миллион баррельге төмендеуі туралы мәліметтер тарағаннан кейін Brent маркалы фьючерстердің бағасы 2% -ға өсті. Мұнай бағасының өсуіне Қытай Халық банкі жариялаған ынталандыру шаралары туралы жаңалықтар да ықпал етті, оның аясында резервтік мөлшерлемені төмендету арқылы экономикаға ұзақ мерзімді құю ретінде шамамен 1 трлн юань босату жоспарлануда. Бұған дейін Министрлер Кабинеті материктегі Қытай акцияларын сатып алу үшін 2 трлн юань пайдалану туралы шешім қабылдаған болатын. Апта қорытындысы бойынша мұнай бағасының өсуінен кейін "ҚазМұнайГаз" акцияларының бағасы да 5,2%-ға өсті. Сонымен қатар, "ҚазТрансОйл" акциялары 0,02%-ға төмендеді. ҚазТрансОйл Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Өзбекстан Республикасына Ресей мұнайының транзиті көлемін 500 мың тоннадан 550 мың тоннаға дейін ұлғайтуды жоспарлап отырғанын хабарлады.

Өкілдік тізімдегі акциялардың көпшілігінің бағасының төмендеуі аясында аптаның қорытындысы бойынша тиісінше 1,5% және 0,3% -ға өскен Kcell және "Банк ЦентрКредит" акциялары оң динамиканы көрсетті.




KASE ақша нарығында TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесі базалық мөлшерлеменің төменгі дәлізінде сауда жасай отырып, жылдық 15,31%-дан 15,01%-ға дейін төмендеді. АҚШ долларындағы бір күндік валюталық своп операцияларының кірістілігі базалық мөлшерлеме дәлізінен төмен сауда жасау арқылы жылдық 9,93%-дан 9,49%-ға дейін өсті.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі





Қараша айының қорытындысы бойынша теңге бағамы АҚШ доллары үшін 2,4%-ға 458,24 теңгеге дейін нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі бір айда 155 млн АҚШ долларынан 192 млн АҚШ долларына дейін ұлғайды. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 4,2 млрд АҚШ долларын құрады.

Республикалық бюджетке қаражат жіберу және "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ акцияларын сатып алу үшін Ұлттық қордан трансферттерді қамтамасыз ету үшін валютаны сату қараша айында 1320 млн АҚШ долларын құрады. Ұлттық қордың сату үлесі жалпы сауда көлемінің 31 % құрап, күніне 60 млн АҚШ долларынан аспайтын соманы құрады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30 % деңгейінде ұстап тұру мақсатында Ұлттық Банк қараша айында биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жалғастырды, оның жалпы сомасы 200 млн АҚШ долларын немесе нарықтың жалпы көлемінің шамамен 5 % құрады.


"Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры" АҚ (ҚДКБҚ) активтерінің валюталық үлесін ұлғайту шеңберінде Ұлттық Банк қараша айында 70 млн АҚШ доллары мөлшерінде валюта сатып алуды да жүзеге асырды.

Қараша айында Ұлттық Банк валюталық интервенциялар жүргізбеді.

Үкіметтің қолда бар болжамды өтінімдерінің негізінде желтоқсан айында Ұлттық Банк Ұлттық қордан 600-ден 700 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды жоспарлап отыр. Желтоқсан айында БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін қолдау үшін валютаны сатып алу 100-ден 200 лн АҚШ долларына дейін, ҚДКБҚ активтерінің валюталық үлесін арттыру үшін валютаны сатып алу – 30-дан 50 млн АҚШ долларына дейін болады деп күтілуде.

Шетел валюталарының бағамы динамикасы


Δ %, база (01.01.23)



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2023, %
— GBPKZT	571,75	0,18	-1,96	1,98
— USDKZT	449,74	-0,07	-2,23	-3,59
— EURKZT	487,70	-0,41	-3,28	-1,41
— CNYKZT	62,69	0,16	-2,57	-6,79
— RUBKZT	5,03	-1,18	0,80	-21,77

Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к
		7к	1а	1ж	
S&P 500	4 890,97	1,1	2,3	20,5	1,0
Dow Jones	38 109,43	0,6	1,2	12,3	0,6
PTC	1 109,95	-1,8	3,9	12,6	-2,2
MMBБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	-2,2
Hang Seng	15 952,23	4,2	-4,0	-29,3	4,2
SS CSI 300	3 333,82	2,0	-0,1	-20,3	2,7
Euro Stoxx 50	4 635,47	4,2	2,4	11,1	4,2
FTSEuroFirst	5 154,50	3,4	1,0	7,0	3,4
FTSE 100	7 635,09	2,3	-1,2	-1,6	2,4
KASE	4 290,63	-1,5	3,2	29,4	

Шикізат нарығы

26.01.2024

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	83,55	6,4	4,9	-4,5
Мұнай (WTI)	78,01	6,3	5,3	-3,7
Табиғи газ	2,71	7,7	3,6	-7,9
Мыс	385,20	1,7	-2,3	-9,7
Темір	1 060,00	3,3	1,8	21,7
Алтын	2 018,52	-0,5	-3,0	4,8
Күміс	22,87	0,7	-6,2	-4,8
Астық	600,25	1,2	-3,7	-20,2

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
30.01 Еңбек нарығында ашық вакансиялардың саны JOLTS (желтоқсан)	USD	8,750М	8,790М
31.01 Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қаңтар)	CNY	49,3	49,0
31.01 ADP-ден ауылшаруашылық емес секторда қамтылғандар санының өзгеруі (қаңтар)	USD	135К	164К
31.01 ФРЖ пайыздық мөлшерлемесі бойынша шешім	USD	5,50%	5,50%
01.02 Тұтынушылық бағалар индексі (ИПЦ) (ж/ж) (қаңтар)	EUR	2,8%	2,9%
01.02 Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (қаңтар)	GBP	5,25%	5,25%
01.02 Өндірістік сектордағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қаңтар)	USD	50,3	47,9

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	9,8%	01.01.24	10,3%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	36,0	01.01.24	34,2
Ақша базасы, млрд KZT	11 540,0	01.01.24	10 126,5
Ақша масса, млрд KZT	38 302,2	01.01.24	35 674,6

Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
	BBB-/A-3 тұрақты	04.09.23	BBB-/A-3 тұрақты
	Baa2/позитивті	27.10.23	Baa2/тұрақты
	BBB/тұрақты	17.11.23	BBB/тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00



Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламан жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.